



Респубикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал

# КӨРКЕМ ЖАЗУ САБАҒЫ

Бұрынғы кездері, бағзы жылдары бастауыш мектепте көркем жазу деген сабак болатын. Балалардың бәрі қалай да көркем жазудан көркем бағалар алмаққа тырысатан. Көркем бағаларға, әрине, «төрт» пен «бес» дегендерініз кіреді ғой. Бергініректегілер біле бермейді бұны.

Нәсір көкеміз, жазушы Нәсіреддин Серәлиев көп сөйлемейтін кісітүшін. Имам Ғазали: «Зерек зейіндіге – бір сөз, ерек пайымдаға – жалғыз ишарат та жеткілікті» деген емес пе? Зұылдан сөйлен, көкезуленгендерге жактырыңқырамай қарап, теренірек күрсінумен тынатын еді, қайран, Нәкен.

Күндердің бір күнінде көкеміздің: «Көркем жазу деген сабактан ылғи «бес» алатын едім», – деп мактаниңқырағаны бар. Айтарын айтып алып, қатты қызырып кеткен. Әрине, Нәсіреддин Серәлиев көркем жазу сабағын өздігінен айтқан жок. «Почеркіңіз қандай әдемі, бұлай жазуды қалай үйренгенсіз?» – деп сұрақ қойған Жәлел Кеттебеков кінәлі. Серәлиев қызырып, ыңғайсыздынып қалған сәтте жас жазушы Жәлел батылдығына баса түсіп: «Қанша көркем жазсаныздар да, жөнді оқырман тәрбиелей алмадыныздар», – деп салды сонда.

Серәлиев сұрланған.

Сонсон күрсінген.

Жәнебір жас прозашымыз Есқара Тоқтасынов Жәлел құрдасымызға жаман көзбен қараган: «Тым қатты айтасын-ай» дегені.

«Біздікі – жай, қазақы қалжың ғой, Нәке!» – деп Кеттебеков көкемізді құшақтаған.

Біздің көз алдымызға соғыс жылдары, Сырдарияның бір иініндегі кішкентай ғана ауыл және оның шағын ғана мектебі, ызғарлы қыстың от жағылмаған класында қолын қайта-қайта үрлеп жылытып, қатып қалған сияны қайта-қайта уыстай ерітіп, көркем жазу жазып отырған он бір жасар бала елестеген.

– Жұрттың бәрі майданға жіберетін хаттарын маған жаздыратыны рас еді, Жәлел, – деген еді сонда Серәлиев еркелеу інісіне құлімсірей

көз тастап койып. – Сөйтіп, ауылдан алапат айқаска аттанып кеткен ағаларымыздын артынан хаттарды бұркыратып жаза-жаза жазушы бол кеттік кой...

Нәсіреддин ауылдағы жетіжылдықтан кейін Кызылордағы педагогикаучилишесін, оданson педагогика институтын тәмамдаған. Алғашкы көркем дүниесін Алематыға, «Пионер» журналына жолдайды. Алыстағы ақжүрек ағасы Мұқан Іманжановтан ықыласты ыждағатка толы жауап алады. Талант иесін таныған карымды да қайырымды қаламгер Мұқан Іманжанов Нәсіреддинді астанаға шакыралы.

Серәлиев сынды суреткердің көркем прозадағы сәтті сапары осылайша бастау алған. Арада бірер жыл өткенде жас жазушының «Ұшталмаған қарындаш» атты тұнғыш жинағы шығады. Одан кейін «Намыс», «Ақ лак пен кара лак», «Әнгелек», «Ақбөпө», «Аккайын», «Ыстық күлше», «Қантар», «Алшын ғұмыр, алғашкы махаббат», «Дәүкен атайдын немерелері», «Зенір аспан», «Жанбыр иісі» сияқты көптеген кітаптары жарық көрді.

Бірте-бірте Нәсіреддин Серәлиев казак прозасының нағыз шеберлері катарына косылды. Балалар мен жасөспірімдердің ғана емес, барша қазак оқырманының сүйікті жазушысына айналды. Көркем әнгімелерінде, әсіресе Серәлиев стиліне ғана тән өрнектермен өрілетін өрісті де өнегелі повестерінде ол мейірбандықты, қайырымдылықты, ізгілікті, адамгершілікті, имандылықты, достық пен махаббатты өзіндік үн-әуенімен, айқайламай-ак, өз козқарастарын өзгелерге зорлап таңбай-ак, нағыз қарапайымдылықпен жырлай білді. Әбіш Кекілбайұлы айтатында, қарапайымдылықтың өзін сактай білмекке де қайсарлық керек-дүр.

Суреткер Серәлиев газет-журналдардың редакцияларындағы тынымсыз тірліктерге ондаған жылдарын аянбай арнады. Қазақстан Жазушылар Одағы, Шымкент облысарайлык бөлімшесінде он алты жылдай жұмыс істегенін, Жамбыл, Кызылорда және Оңтүстік Қазақстан

облыстарының талантты жастарын тәлімдеп-тәрбиелеуге үнсіздік үлгісімен-ақ үлкен үлес қосқанын жүргышылық жақсы біледі.

«Есімі елдің есінде» дегендейін, Нәсіреддин Серәлиевті сұраушылар, кітаптарын іздеушілер аземес. Өкінішке қарай, оның жетпіскілдігінде, жетпіс бес жылдығы да, сексен жылдығы да атамай қалды. Қызылордаңызда да, Шымкентіңде де, Алматыңызда да. Тек Шымкенттегі Пушкин кітаиханасында ғана ырымын жасаймыз. Үнемі «Паспортымда туған құнім жазылмаған, қазан-қараашаның бірінде дүниеге келіппін», – деуші еді озі.

Әмірінің соңғы жылдарында Нәкең көкеміз жиі-жій ауыра берді. Көзі көрмей қалатын күндері кобейді. Қант диабеті асқынып, өзіне-өзі қайта-қайта укол салатын.

Сексен үшінші жылдың қазан-қараашасында ауруханада жатты.

«Корем де не де болса маңдайымнан,  
Қақырсам, қан түседі таңдайымнан.  
Ағайын басы аман, балтыры сау,  
Неғылсын хабар алып жағдайымнан...

Сорды да, азанты да өзім көріп,  
Темірдей қойған тағдыр тозім беріп.  
Беріспей, нартауекел етер едім,  
Кетсе екен ең болмаса көзім көріп...» – деген шумақтарды сол кездері жазған.

Нәсіреддин ағамыздың асыл жібектей мінәйі мінезін, досқа адал, жолдасқа шынайы, ағаларға ардақты, інілерге қадірлі қасиетін жоғары бағалағандар аз болмаган. Асқар Тоқмағамбетов озінің «Інім Нәсір» деген жырында былай депті:

«Құр созге қызықпаймыз қызыл-жасыл,  
Қызылдың бәрі бірдей болмайды асыл.  
Қызыл сөзден аулақ ең әуел бастан,  
Соныңды жақсы көрем, інім Нәсір...»

Шу болғанды сүймеуші ең ұлан-асыр,  
Құ болғанды сүймеуші ең созі масыл.  
Кішіпейіл, кең тыныс, коңлің дархан.  
Жаны жайсаң жігітсің, інім Нәсір...»

Саги Жиенбаев «Досыма хат» атты олеңінде:  
Армысың, асыл досым, аңқылдаған, –  
Кеудесі шаң-тозаңға шарпылмаған.  
Тұрады табиғаттың өзіндегі боп,  
Зәредей қоспасы жоқ қалпың маган...

Ойлаймын озің жайлы бүгін де мен;  
Біргемін қызығыңмен дүрілдеген.  
Ойлаймын – сенің нәзік жүрегіңді;  
Секілді алтын жаңырак дірілдеген...» – дейді.

Сондай асылдардың да аңдысқан, көркем жазын көре алмайтын дүшпандары болады екендә. Бірде «Оңтүстік Қазақстан» газетінің мәдениет, әдебиет және өнер бөліміне өкпеленкіреп кетіп бара жатып, есіктің тұтқасын ұстай береде кері бұрылған бір ақын ағамыз: «Әй, әлгі пірлерің қайда, көптен көрінбейді ғой?» – деді. «Сырқаттанып, ауруханада екі ай жатты, кеше шығыпты», – дедік біз. «Ой, ол да бір болмайтын неме екен, не өлмейді, не қоймайды!» – деп, есікті аша беріп еді, мына ғажапты қараңызши, Нәкең көкеміз арғы жағынан кіргелі келе жатыпты. Оның өлімін тілейтін ағамыз: «О-о, Нәсір, қалың қалай? Денсаулығың жақсы ма? Қашан шықтың? Бара алмадық артынан», – деп жік-жапар болды да қалды.

Бөлмеде отырған үшеуміз аң-таңбыз. Бір-бірімізге қарай алмаймыз. Әлгі ағамыз жылдам шығып кетті, әйттеуір. Сүйкімсіздеу сабақтан, сүйіксіз ағайдан құтылып, керемет көретін көркем жазу сабағына қуана кірісетін окушыларша маздай жанып, қаздай қоқилаңып, Нәсіреддин ағайға қарай жапырласа жүгіргенбіз сонда.

Нәкең көкеміз сондай нәзік жанды, көңілінде кіршік жок, мөлдірекен мейірімнен ғана жаратылған жантұғын. Мына қым-қуыт тірлікке, күнделікті тұрмысқа тым икемсіздердің бірі еді. «Мен – қабырғалы қаламгермін ғой, үлкен жазушымын ғой. Маган да жақсырақ жағдай керек. Жақсы үйлерді жағымпаздар, бастықтарға бара беретін пысықайлар ғана алуы тиіс пе?! Маган мынаңдай-мынаңдай нәрселер қажет», – деуіне болар еді. Оған құқы да бар еді. Бірақ, ол бастықтардың алдына бірдеме сұрап, тілемсектеніп бара бермейтін. Қарапайым ғана ғұмырды қанағат етті. Көркем жазуды ғана кие тұтты. Көркем әдебиеттің алдындағы парызын адал ақтап, ізгі із қалдырды.

Сексен торттің сыз бүріккен қараашасында қазақ көркем сөзінің шебері Серәлиев Нәсіреддин пәниден өтіп, бақылық болған. Ол небәрі елу торт жаста ғана еді ғой, сонда...

